

6 Маусым
Сейсенбі,
2023 жыл

uil-gazet@mail.ru

Газет 1930
жылдың
қараша айынан
бастап шығады

ОЙЫЛ

РӘМІЗДЕР – РУХЫМЫЗ, АР ОЖДАНЫМЫЗ

1992 ЖЫЛДЫҢ 4 МАУСЫМЫНДА ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЖАҢА МЕМЛЕКЕТТІК РӘМІЗДЕРІ ТУРАЛЫ ЗАҢ ҚАБЫЛДАНЫП, АЛҒАШ РЕТ БЕКІТІЛДІ. БҰЛ КҮН ЕЛ ТАРИХЫНДА ЖАҢА МЕМЛЕКЕТТІК РӘМІЗДЕР КҮНІ РЕТІНДЕ МӘҢГІ ЕСТЕ САҚТАЛАДЫ. ЕГЕМЕНДІ ЕЛІМІЗДІҢ ЖЕР БЕТІНДЕГІ БАСҚА ТӨУЕЛСІЗ ЕЛДЕРМЕН ТЕРЕЗЕ ТЕҢЕСТІРІП, АЗАТТЫҚ ТАҢЫН АТЫРҒАЛЫ ДА 31 ЖЫЛ УАҚЫТ БОЛЫП ОТЫР. СОЛ ЕЛДІГІМІЗДІҢ БЕЛГІСІ РЕТІНДЕ БЕКІТІЛГЕН МЕМЛЕКЕТТІК ТУ, ЕЛТАҢБА ЖӘНЕ ӨНҰРАН БҮГІНДЕ ХАЛҚЫМЫЗ ҮШІН АСА ҚАСТЕРЛІ ҚҰНДЫЛЫҚ ЕКЕНІ БЕЛГІЛІ.



Сонау 1992 жылдың 4 маусымында бекітілген бұл рәміздер осы кезге дейін қазақ халқының басты нышаны болып келеді.

4 маусым – Қазақстан Республикасы мемлекеттік рәміздер күні болып бекітілгенде сондықтан.

Осы атаулы күн қарсаңында орталық саябақта «Рәміздер-рухымыз, ар ожданымыз» атты мерекелік салтанатты шара

өтті. Мерекеге орай аудан тұрғындары Мемлекеттік Гимнді бір мезгілде орындау республикалық акция аясында сағат 10:00-де Қазақстан Республикасының Гимнін орындады. Аудан әкімі Асқар Қазыбаев барша ойылдықтарды айтулы мерекемен құттықтап, бірқатар мекемелерге Алғыс хатын табыс етті. Мемлекеттік рәміздерді талапқа

сай қолданылуын жүзеге асырғаны үшін Ойыл аудандық қазынашылық басқармасы, аудандық қорғаныс істер жөніндегі бөлімі, аудандық мәслихат, «Жолшы» бөбекжай-бақшасы, психологиялық-педагогикалық түзетім бөлімдері марапатталды. Мұнан соң аудан өнерпаздары патриоттық өндер мен ұлттық билерімізді орындап, жиналған қауымды ризашылыққа бөледі.

Р.С. Ел құндылығын дәріптеп, мерейін асқақтатуды мақсат еткен шара «Елтаңбасымен өңселі, Өнұранымен айбынды, Туымен тұғырлы» атты автошерумен жалғасты. Аудан кіреберісінен бастау алған автошеруде аудан жастары еліміздің туын желбіретіп, орталық көшелермен жүріп өтті.

Гаухар АЛЕКСЕЕВА,
Ойыл сепосы.

БАР МЕЙІРІМІМІЗ БАЛАЛАРҒА!

1 МАУСЫМ - ХАЛЫҚАРАЛЫҚ БАЛАЛАРДЫ ҚОРҒАУ КҮНІ. БІР ҒАСЫРДАН АСТАМ ТАРИХЫ БАР АТАУЛЫ МЕРЕКЕНІ ТӨУЕЛСІЗ ЕЛІМІЗ ЖЫЛ САЙЫН АТАП ӨТЕТІНІ БЕЛГІЛІ. БҰЛ БҮЛДІРШІНДЕРІМІЗДІҢ ЖЫЛ САЙЫН АСЫҒА КҮТЕТІН ЕҢ ҚУАНЫШТЫ МЕРЕКЕЛЕРІНІҢ БІРІ.



Біздің ауданда да мереке кең көлемде аталып өтті.

Алдымен балаларға түрлі ойындар ұйымдастырылды.

Аудандық оқушылар үйінің ұйымдастыруымен өткен сайыстарға балапандар белсене қатысты. Ептілігі мен шапшаңдығын сынайтын «Балапан» веложарысында «Асанәлі» бөбекжай-бақшасының бүлдіршіндері жеңіске жетсе, «Су асты» тақырыбында тасқа сурет салу байқауында қиялы мен шығармашылығын паш еткен Ш.Бекмұхамбетова атындағы мектеп-гимназиясының мектепалды даярлық тобы Бас жүлдеге ие болды. Мерекедің аудан

әкімі Асқар Қазыбаев үздіктерді марапаттаса, кәсіпкерлер Талғат Сәттібаев, Алтынгүл Шүйіншіқалиева, Сәрсенбай Дүзмағамбетов, Данияр Раушанов, Темірбек Жауынбаев, Жалғас Сидәғалиев, Бақтыгүл Ұлықпанова, Гүлзәйнеп Сағатова, Мәлік Қарабалин балаларға тегін балмұздақ ұсынды. Мерекелік шара балалардың ән-жырына ұласты. Сондай-ақ, қызықты репертуарлар, театрландырылған көріністер қойылды. Аудандық білім бөлімінің ұйымдастыруымен өткен мерекелік шара балғын бүлдіршіндерімізге қуаныш сыйлап, маз-мейрам қуанышқа бөледі.

ГАБАЙҚЫЗЫ.

ЖАЗЫҚСЫЗ ҚҰРБАНДАРДЫ ЕСКЕ АЛДЫ



Өткен ғасыр қазақ халқы үшін ауыр нәубет пен қасіреттерді, «екінші ақтабан шұбырындыны» кешу ғасыры болды. Тарих қатпарларында қаншама жазықсыз тегілген жас пен аққан қан қалды...

31 мамыр күні Ойыл ауданының халқы да жазықсыз жапа шеккен боздақтарды еске алды. Орталық саябақта өткен жиында аудан әкімі Асқар Қазыбаев өткен ғасырдың ащы сабағына тоқталса, аталары қуғын-сүргін көрген

Өтеген Сағатов пен Жауынбай Абдрахмановтар өкелерінен естіген әңгімелерін енді ондай зұлмат болмасын деген тілектерімен түйіндеді. Ойыл аудандық мешітінің имамы Сұлтанбек Мұқашев аруақтарға құран бағыштады. Келіндер шөлпек таратты. Одан кейін жұртшылық орталық саябақтағы «Саяси қуғын-сүргін құрбандарына арналған ескерткішке» тағзым гүлдерін қойды. Ал, тарихқа көз жүгіртсек, Кеңес өкіметінің қолдан күштеп ұжымда-

стыруымен Қазақ жерінде бір емес үш бірдей ашаршылық болды. Халық қамын жеген саяси қайраткерлер, ұлт зиялылары, автономиялық республика құрушыларды бір сөзбен айтқанда ұлт қаймағынан сескенген Кеңес өкіметі И.В.Сталиннің «Троцкийшілдер және басқа да екіжүзділерді құрту бойынша партиялық жұмыстардың жетіспеушіліктері» атты баяндамасын талқылағаннан кейін жаппай қудалау басталды. Бұл тарихта

«үлкен террор» деген атпен қалды. 1925 жылы қыркүйекте Қазақстанға басшылық қызметке Ф.И.Голощекиннің келуі елде орын алып отырған жағдайды одан бетер ушықтырды. Ол Қазақстанды кеңестік өзгерістерден тыс қалған деп санап, онда «Кіші Қазан» төңкерісін жүргізу саясатын ұстанды. Оның жүргізген саясаты ұлт зиялыларын жаппай қуғындауға, «Асыра сілтеу болмасын, аша тұяқ қалмасын» деген ұранмен жаппай ұжымдастыру мемлекеттің жоғарғы шамадан артық орындау мақсатының нәтижесі халықты аштыққа ұшыратты. Голощекин өзіне қарсы шыққандарды қызметтерінен алып, республикадан қуды, олардың көзін жоюды қолға алды. Саяси қуғын-сүргін Қазақстанда 1928 жылдың ортасында Алаш қозғалысына қатысқан қайраткерлерді тұтқындаудан басталды. Оларға «буржуазияшыл-ұлтшыл» деген айып тағылды. Олар әртүрлі мерзімге түрмеге қамалды, ату жазасына кесілді, еріксіз жер аударылды. Ұлт қайраткерлеріне негізінен КСРО-ны құлату үшін жасырын контрреволюциялық ұйымдар құрды деген заңсыз жала жабылды. Осылайша «халық жаулары», «ұлтшылдар», «исламшылар», «түркішілдер», «жапония тыңшылары» және т.б. желеулермен қазақтың бас көтерген зиялыларынан бастап, қарапайым еңбек адамдары да жазықсыз саясаттың құрбандығына шалынды. 118 мың адам жазықсыз тұтқындалып, оның 25 мыңы атылды. Қазақ

зиялыларының әйелдері де бұл жазадан тыс қалмады. Күйеуінен бас тартпаған әйелдерді қамады. Бұл лагерь «Алжир» деген атпен тарих беттерінде қалды. Міне, осының салдарынан ұлт зиялылары – Әлихан Бөкейхан, Ахмет Байтұрсынұлы, Жүсіпбек Аймауытұлы, Мағжан Жұмабаев, Халел Досмұханмедов, Жаһанша Досмұханмедов, Тұрар Рысқұлов, Сәкен Сейфуллин, Ілияс Жансүгіров, Бейімбет Майлиндер сталиндік саясаттың құрбанына айналып, атылып кетті... 1872 статистикалық есеп бойынша қазақ даласында 5 миллионнан аса халық болған екен. 1910 жылдары Ахмет Байтұрсынұлының «6 миллион қазақпыз» деп өлеңінде келтіруінің өзі 40 жыл ішінде қазақтардың саны тағы шамамен 1 миллионға көбейгенін білдіреді емес пе? Ал 1939 жылғы санақта қазақтар 2 миллион 300 мың болды. Яғни екі есе азайды. 1916 жылғы көтеріліс, азамат соғысы, тосыннан келген жұт, 1919-1922 жылдар аралығында бірінші аштықтың тууына себепкер болды. Мұның салдарынан 1,5 млн адам қайтыс болды. Ол көбінесе елдің оңтүстік аймақтарын қамтыды, нақ осы жерге басқа да деңгейде Қазақстанның барлық тұрғындары да зардап шекті. Екінші ашаршылық Голощекиннің сталиндік тапсырманы жоғардан тыс асырып орындауының салдарынан туындады. Өртүрлі мәліметтер бойынша, 1930 жылдарда 1,5 миллионнан

2,5 миллион адамға дейін шығын болды. Ал үшінші ашаршылық соғыстан кейінгі еліміздегі экономикалық ахуалдарға байланысты туындады. Бірақ та, бұл ашаршылық сол жылдары халықтан жасырын түрде ұстады. Осылайша қазақтар іс жүзінде 15–20 жылдың ішінде халқының жартысына жуығынан айырылған. Осыған қарап отырып, 42 жылда қазақтар азамат соғысы, байларды көмпескелеу, жаппай колхоздастыру, 1932–33 жылдардағы аштық, 1937–38 жылдардағы репрессия салдарынан миллиондаған адамынан айрылған деуге әбден болады. Осы аштық, қуғын-сүргін салдарынан қазақтар — 22 пайызға, украиндері — 21 пайызға кеміген. Бұл екі халық Кеңес өкіметінде ең көп шығынға ұшыраған ел болып есептеледі. Мерзімді баспасөз беттерінде жарияланған соңғы деректер бойынша, сталиндік қуғын-сүргіннің құрбандарының саны 40 миллионға жеткені айтылады. Тәуелсіздік алғаннан кейін 1993 жылы сәуірдің 14-інде «Жаппай саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау туралы» Қазақстан Республикасының Заңы қабылданады. 1997 жылы ҚР Президентінің Жарлығы бойынша, 31 мамыр — саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күні болып жарияланды. Тәуелсіздік жылдары 146,5 мың күнәсіз жазғырылған отандысымыздың аттары жазылған 14 «Аза кітабы» жарыққа шықты. Заңнамаға сәйкес, 340 мыңнан астам заңсыз қуғын-сүргінге ұшыраған азаматтар ақталды.

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТШІЛЕР ҮЗДІКТЕР ҚАТАРЫНДА



Ақтөбе облысы әкімі аппаратының ұйымдастыруымен мемлекеттік қызметшілер арасындағы облыстық спартакиадасы 12 мамырда Мәртке ауданында қазақша күрес және тоғызқұмалақ спорт түрлерінен бастау алып, 19 мамыр күні Хромтау ауданында волейболдан өз жалғасын тапқан болатын. Осыдан кейін 26-28 мамыр аралығында Ақтөбе қаласында жүзу, үстел теннисі, шағын футбол спорт түрлерінен жарыс өткізіліп, мемлекеттік қызметшілер арасындағы облыстық спартакиада өз мересіне жетті. Спартакиада қорытындысы бойынша ауданымыздан қатына-

сқан мемлекеттік қызметшілер арасынан облысымызда ауданның намысын қорғап, нәтижелі жетістікке жеткен мемлекеттік қызметшілер бар. «Бильярд» спорт түрінен жүлделі І орын Қараой ауылдық округінің әкімі Айбек Сұлтанов, «Үстел теннисі» әйелдер арасында І орын аудан әкімі аппаратының персоналды басқару қызметі бөлімінің бас маманы Света Шамаева және аудандық ішкі саясат, мәдениет тілдерді дамыту және спорт бөлімінің бас маманы Темірлан Тұмышов «Үстел теннисі» ерлер арасында ІІІ орынды иеленіп, жеңіспен оралды.

МУЗЫКА МЕКТЕБІ БАЛАЛАРДЫҢ ТАЛАНТЫН ҰШТАУДЫ

Жаз айлары – мектеп оқушылары үшін ерекше ықыласпен күтілетін уақыт. Жыл бойы сабақ барысындағы тоқсан арасындағы берілетін күндер демалыс болып есептелгенімен, жаз кезіндегідей демалыстың мол мүмкіндігін бере алмайды. Жазғы демалыс – мектеп оқушыларының жалпы физиологиялық, сана – сезімдік, дүниетанымдық тұрғыда даму, жетілу кезеңі. Жаз мезгіліндегі бұл уақыт балалардың негізгі сабақтан, үйреншікті тіршілік қарекетінен босап, өзін қызығушылығымен айналысуына мүмкіндік береді. Осы орайда аудандағы қосымша білім беретін ұйымның бірі Ойыл аудандық балалар музыка мектебі - шілде айында оқушылар үшін жазғы демалыс алаңын ұйымдастырады. Оқушының бос уақытын дұрыс пайдалануға бағыттаудың, үйретудің мәні зор. Бос уақыт дене және ақыл-ой қызметін тынықтыратын, қарым - қуатты жетілдіретін

іс-әрекетке жұмсалуды жөн. Әйтсе де тыныға жүріп, ойын барысында балалардың шынығу-шыңдалу мәселесімен қатар, түрлі бағыттағы іс-шараларға тарту арқылы тәрбиелеу маңызды. Сонымен қатар, өткізілетін шаралар нәтижесі балаларды - өз денсаулығы мен өзінің өсіп-жетілуіне мән беруге; - ойын әрекеті барысында ойлау әрекетінің де тиімді әдістерін меңгеруге; - достық, жолдастық, сыйластық, өзара көмек т.б. сияқты адами қасиеттерді ұғынуға; - туған жердің табиғатының және экологиялық маңызына мән беруге; - азаматтық-елжандылық сананы қалыптастыруға; - ұлттық және мәдени, тұрмыстық салт-дәстүр, және т.б. ұғымдарды меңгеруге қалыптастырады.

Л.САБИРЖАНОВА,
Ойыл аудандық балалар музыка мектебінің директоры.

КАНИКУЛ КЕЗІНДЕ БАЛА БАҚЫЛАУСЫЗ ҚАЛМАСЫН!

Ойыл ауданы әкімі жанындағы көмелетке толмағандардың істері және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссияның кеңейтілген отырысы өтті. Аудандық білім бөлімінің басшысы мен мектеп директорлары және аудандық полиция бөлімінің жергілікті полиция қызметі, Ойыл ауданы бойынша төтенше жағдайлар бөлімі, Аудандық санитариялық – эпидемиологиялық бақылау басқармасының мамандары қатысқан комиссия отырысында бірқатар бүгінгі күнгі өзекті мәселелер талқыланды. Алдымен ата-аналардың құқықтары мен міндеттері туралы мәселелер көтерілді.

Әсіресе, көмелетке толмаған балалардың мезгілсіз уақытта жүруі, соның салдарынан әртүрлі қылмысқа бой ұруына жол бермеу, алдын-алу мәселелерін мектеп директорлары мен аудандық полиция бөлімінің инспекторлары баяндады. Сонымен қатар, кеңейтілген кеңесте 2023 жылғы жазғы демалыс кезіндегі ұйымдастырылатын шараларды жетілдіру, балалар мен жасөспірімдердің денсаулығын жақсарту және жұмыспен қамту мен жазғы демалыс кезеңінде балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету туралы мәселелер де комиссия отырысының өзегіне айналды.

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

Шаруа немесе фермер қожалығын немесе ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелерін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру бойынша конкурсқа ұсынылатын жер учаскелерінің тізімі «Ойыл аудандық жер қатынастары бөлімі» мемлекеттік мекемесі

№	Жер учаскесінің орналасқан жері,жер учаскесінің лот №	Жер учаскесі қандай мақсатқа беріледі	Жалға беру мерзімі, жыл	Жалпы ауданы, га	Алқаптардың құрамы оның ішінде				Топырақтың сапалық сипаттамасы, орташа балл бонитет	Сумен қамтылуы
					Егістік	Жайылымдық	Шабындық	Басқа жерлер		
1	Лот 1, учаске №1 Саралжын а/о	ш/қ жүргізу үшін	10 жыл	1000,0	-	953,8	-	46,2	11	қамтылмаған
2	Лот 2, учаске №1 Саралжын а/о	ш/қ жүргізу үшін	10 жыл	200,0	199,3	-	-	0,7	11	қамтылған

ЕСКЕРТПЕ !!!

Жеке және заңды тұлға болып табылатын қатысушы конкурсқа қатысу үшін мынадай құжаттар ұсынады:

- 1) конкурсқа қатысуға арналған өтінім;
- 2) конкурстық ұсыныс;

Конкурстық ұсыныста:

- 1) Бизнес-жоспар (инвестициялардың болжамды көлемі, ауыл шаруашылығы дақылдарын өндеп-өсіру алаңдары, ауыл шаруашылығы жануарларының мал басы, қолданылатын агротехнологиялар, ауыл шаруашылығы техникасы мен технологиялық жабдықтың, ауыл шаруашылығы саласындағы білікті мамандардың болуы, құрылатын жұмыс орындарының саны);
- 2) Шаруашылықішілік жерге орналастыру жобасын жасау және игеру, ауыл шаруашылығы инфрақұрылымын дамыту жөніндегі іс-шараларды орындау;
- 3) Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерді ұтымды пайдалану қағидаларын қоса алғанда, Қазақстан Республикасы жер заңнамасының талаптарын орындау, өңірдің мамандануына сәйкес ауыл шаруашылығы дақылдарының егіс алаңдары құрылымын әртараптандыру бойынша индикативтік көрсеткіштерді орындау, ғылыми негізделген агротехнологияларды, фитосанитариялық және карантиндік талаптарды сақтау жөніндегі міндеттемелер қамтылуға тиіс.

Конкурстық ұсыныстың беттері нөмірленіп, тігілген түрде мөрленген немесе өшірілмейтін сиямен жазылған жабық конвертте ұсынады, конкурстық ұсыныстың соңғы беті жеке тұлғалар (немесе сенімді өкіл) үшін – қатысушының қолымен және заңды тұлғалар үшін – бірінші басшының (немесе сенімді өкіл) қолымен және мөрмен (бар болса) күеландырылады.

Конкурсқа қатысуға арналған өтінімдерді қабылдау және тіркеу конкурс өткізу туралы хабарлама жарияланған күннен бастап күнтізбелік 15 (он бес) күн өткен соң, 10 (он) жұмыс күн аралығында өтінім қабылдау және тіркеу жүргізіледі. Конкурсқа шығарылатын жер учаскелерінің орналастыру схемасымен жергілікті атқарушы органның интернет-ресурсында, ауылдық округтердің және аудандық жер қатынастары бөлімінің ақпарат бұрыштарынан танысуға болады.

Толық ақпаратты «Ойыл аудандық жер қатынастары бөлімі» ММ-нен, байланыс телефондары арқылы 8(71332) 2-18-80 алуға болады.

ИНФОРМАЦИОННОЕ ОБЪЯВЛЕНИЕ

ГУ «Отдел по земельным отношениям Уилского района» объявляет о проведении конкурса по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) на земельные участки сельскохозяйственного назначения для ведения крестьянского или фермерского хозяйства.

№	Номер лота и место расположения земельного участка	Целевое назначение земельного участка	Срок аренды земем. участка	Площадь, га	Состав угодий в том числе				средний балл бонитет	Оснащен реками, озерами
					Пашня	Пастбища	Сенокос	Другие земли		
1	Лот 1, участок №1 Саралжинский с/о	Для ведения к/х	10 лет	1000,0	-	953,8	-	46,2	11	Не оснащен
2	Лот 2, участок №1 Саралжинский с/о	Для ведения к/х	10 лет	200,0	199,3	-	-	0,7	11	оснащен

ПРИМЕЧАНИЕ !!!

Для участия в конкурсе являющийся физическим и юридическим лицами представляет следующие документы:

- 1) заявка на участие в конкурсе;
- 2) конкурсное предложение;

В конкурсном предложении:

- 1) Бизнес-план (прогнозный объем инвестиций, площади возделывания и возделывания сельскохозяйственных культур, поголовье сельскохозяйственных животных, применяемые агротехнологии, наличие сельскохозяйственной техники и технологического оборудования, квалифицированных специалистов в области сельского хозяйства, количество создаваемых рабочих мест);
- 2) разработка и освоение внутрихозяйственного землеустроительного проекта, выполнение мероприятий по развитию инфраструктуры сельского хозяйства;
- 3) обязательства по выполнению требований земельного законодательства Республики Казахстан, включая правила рационального использования земель сельскохозяйственного назначения, выполнению индикативных показателей по диверсификации структуры посевных площадей сельскохозяйственных культур в соответствии со специализацией региона, соблюдению научно-обоснованных агротехнологий, фитосанитарных и карантинных требований.

Предложения представляются в запечатанном конверте, пронумерованым, прошитыми или несмываемыми чернилами, последняя страница конкурсного предложения заверяется подписью участника – для физических лиц (или поверенного) и подписью первого руководителя (или по доверенности) и печатью (при наличии) – для юридических лиц.

Прием и регистрация заявок на участие в конкурсе производится по истечении 15 (пятнадцати) календарных дней со дня опубликования извещения о проведении конкурса, в течение 10 (десяти) рабочих дней. С схемой размещения земельных участков, выставляемых на конкурс можно ознакомиться на интернет-ресурсе местного исполнительного органа, в информационных уголках сельских округов и районного отдела земельных отношений.

Более подробную информацию можно получить в ГУ «Отдел по земельным отношениям Уилского района» по телефону 8(71332) 2-18-80



Елімізде кәсіптік бағдар беру-де қосымша білім берудің мән –мағынасының артуы оның балалардың қолы бос жағдайында еріктілік негізде шығармашылық және танымдық мотивациясын дамыту дербес талаптарын қанағаттандыру, өз еркіне сай мақсатты айналысуына әсіресе кәсіп таңдауына жәрдемдесу, сөйтіп өмірге бейімдеу, салауатты өмір салтына тарту, сайып келгенде бос уақытты мазмұнды өткізуді ұйымдастыруға қажетті жағдай жасауында. Шындығында да, қосымша білім беру ұйымдары білімнің адам өмірі мен қоғамдағы рөлін балаларға түсіндіру арқылы олардың білімге, өнерге, мәдениетке деген қызығушылығын, ын-тасын оятып, жеке қажеттіліктерін қанағаттандырады.

Бұл жағдайдағы педагогикалық процесс объект- субъектердің өзара ынтымақтастық пен шығармашылық қарым-қатынас принципіне, яғни тұлғалық даму педагогикасы идеясына құрылады. Неміс философы Зиммель «Білімді адам – ол өзі білмейтінді қайдан табуға болатынын білетін адам» деген екен. Оқушыларды әртүрлі іс-әрекетке тартатын, қоғамдық пайдалы еңбекке баулытын ең маңызды қосымша білім беру саласының бірі – үйірмелер. Үйірмені ұйымдастыру мақсаты – балалар мен жасөспірімдердің дарындылығы мен шығармашылық қабілеттерін дамыту, тәжірибелік іс -әрекеттер, іскерлік пен дағдыны қалыптастыру, ғылым мен техникаға деген қызығушылығын арттыру. Мектептен тыс тәрбие жұмысы ретінде үйірме келесі функцияларды атқарады:

-Оқу пәндерінің білімін тереңдету,кеңейту,толықтыру;
-Балаларды мәдени-әлеуметтік іс-әрекет түрлеріне баулу;
-Коммуникативтік тәжірибені кеңейту;
-Кәсіби бағдар беру;
-Балалардың демалысы мен бос уақытын ұйымдастыру;
Үйірмелер-баланы қызықтыратын іс-әрекет саласында өз мүмкіншіліктерін сынайтын , шындайтын ынтымақ пен қарым-қатынас

ортаасы.

Үйірме арқылы баланың қарапайым қызығушылығы мазмұнды ұйымдастырылған маңызды іс-әрекетпен айналысуға, сол арқылы өзін-өзі дамытып жетілдіруге көмектеседі.

Ойыл аудандық оқушылар үйінде 10 үйірме техникалық шығармашылық бағытта жұмыс жасайды.Оқушыларымыз облыстық ,ресубликалық және халықаралық түрлі байқау-көрмелердің жеңімпазы. «Ұстазы жақсының –ұстамы мықты»дегендей мұғалім білімді,өз ісінің шебері болса,оқушылары соғұрлым білікті болады.Ұстаз еңбегі – оқушы білімімен өлшенеді десек, ұстаз еңбегінің күрделілігі — әрбір оқушы жүрегіне жол таба білүінде. Әрбір баланың бойындағы қабілетті дамыту арқылы өзін, өмірді, өлемді танып білуге, қоғам алдындағы жауапкершілік қасиеттерін сезіндіре білүінде жатыр. Қазақ ағартушысы М. Жұмабаев «....Әрбір ұлттың баласы өз ұлтының арасында өз ұлты үшін қызмет қылатын болған-дықтан тәрбиеші баланы сол ұлт тәрбиесімен тәрбие қылуға міндетті» деген. Жас ұрпаққа саналы тәрбие , сапалы білім беру және кәсіби бағыттау ең алдымен мұғалімнің даярлығына, оның іс-тәжірибесінің қалыптасып шыңдалуына байланысты.

Ел Президенті 2030 жылға қарай Қазақстан Орталық Азия барысына айналады және өзге дамушы елдерге ұлгі болады деген асқақ сезімді алға тарта отырып, «Біздің жас мемлекетіміз өсіп-жетіліп, кемелденеді, біздің балаларымыз бен немерелеріміз онымен бірге ер жетеді.

Олар өз ұрпағының өрісі биік, денсаулығы мықты өкілдері болады» - дейді. Ендеше, біздер, ұстаздар қауымы 2030 жылдары еңбек етіп, ел басқаратын болашақ жастарымыздың білімдігі мен біліктілігін қамтамасыз етіп, Президентіміздің үкілі үмітін ақтауға барлық іс-әрекет, күш-жігерімізді жұмсауымыз керек.

Өлия ТАҢАТАРОВА,
Ойыл аудандық оқушылар үйінің өдіскері.

ҚАРАСАН АУРУЫ



Мүйізді ірі қараның қарасан ауруы қазіргі уақытта облысымыздың бірқатар аудандарында бой көтеруде, ішінара біздің де ауданымызда кездесуде.

Қарасан негізінен ірі қараның жіті өтетін, бұлшық еттерінің ісініп, оны басып көргенде сықырлайтын ісіктердің жедел пайда болуымен, малдың ақсау белгілерімен сипатталатын қатерлі ауру. Ауруға негізінен 3 айдан 4 жасқа дейінгі ірі қара мал, сиректеу қой мен ешкі бейім келеді.

Қарасан қоздырғышының споралары сыртқы әсерлерге төзімді болып келеді. Өлекселерде споралар 3 айға дейін, көнде 6 айға дейін, су, тоғандарда 10 жылдан астам сақталады. Тікелей күн сәулелері спораларды 24 сағаттан кейін, спораларға 3%-ды формалин ертіндісі, 3% -ды фенол, 6%-ды натрий гидро тотығы ерітінділері тез өлтіреді. Қарасанмен көбіне 3 айдан 4 жасқа дейінгі ірі

қара малы, ұсақ мүйізді малдар ауырады. Жануарлардың ауру жұқтыруы қарасан қоздырғышының *Cl.chauvoui* споралары мен ластанған азықтар мен суларды ішкен кезде жиірек байқалады. Жіті түрде өтетін жұқпалы ауру. Қарасан ауруының клиникалық белгілері: топалаң (сібір жарасы) ауруының клиникасына ұқсас келеді.

Ауруға балауды аурудың клиникалық көрінісінің мәліметтері және патологиялық материалды бактериологиялық зерттеу нәтижелері негізінде қояды. Өздерінің тіршілік ету барысында бактериялар анағұрлым мөлшерде газдар түзіп, бұл процесс ет арасы ткандерін ісіріп (карбункул), пальпациясы кезінде крепитациялық дыбыс пайда болуына себепші болады. Аурудың жіті түрінде дене температурасы 41-42 градусқа көтеріледі, бұлшық еттері көп жерде (мойын, көкірек, жақ

асты, жамбас және сауыр еттері) ісінеді, бас кезінде тығыз, ыстық аурушаң, басқанда (крепитация) қытырлаған дыбыс естіледі, кейін ісік салқындап, сезімталдығы жойылады, сол жердің терісі күрең қызыл түсті некрозға айналады. Регионарлық бездері ұлғайып, жамбас, сауыр және т.б. еттері ісініп, жүрісінде ақсаңдауы байқалады.

Бұл аурумен ауырып жазылған жануарлар тұрақты иммунитет түзеді. Ересек жануарлар ауруға бейімді емес.

Алдын-алу және емдеу үшін қарасанға қарсы иммунизацияға 3 айдан 5 жасқа дейінгі ірі қара малдар, қолайсыз жерде тұрақты түрде жасалып тұруы шарт. Емдеуге тетрациклин қатарындағы антибиотиктер пайдаланылады. Ауырып өлген мал анықталса, өлексесі өртеледі де, жатқан жердің топырағы дезинфекциялануы тиіс.

ҚР АШМ Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Ойыл аудандық аумақтық инспекциясы

САРЫП

Сарып ауруы - адамдар мен жануарлардың жүйке жүйесі мен тірек-қимыл аппаратын зақымдайтын, адамдарда ұзаққа созылатын жұқпалы ауру. Адамдарда сарып ауруы инкубациялық кезеңнен (жасырын мерзімі) 2-3 аптадан кейін жалпы ауырсыну, дене қызуының 39-40 градусқа көтерілуінен басталады. Ары қарай бас ауруы, тершеңдік пен ұйқысыздыққа ұласады. Буындары, бұлшық еттері ауырсынады. Аурушандық 3 айға созылады, 1-2 жылға дейін де ұласуы мүмкін. Ауырған кезде уақытылы дәрігерге қаралмағанда, толық емін алмаған кезде ауру созылмалы түрге көшіп мүгедектікке және бедулікке дейін асқынып кетеді.

Жұғу жолдары
Инфекция көзі - сарыппен ауыратын ауылшаруашылық малдары. Ауру адамға ауру малдардан ғана жұғады.
Тағам арқылы:
Тамаққа шикі сүт және сүт өнімдерін, шала піскен ет және ет өнімдерін пайдаланғанда.
Қарым-қатынас:
Ауру малды күтіп бағу кезінде және терінің сыдырылған жарақатына ауру малдың бөлінділері түскенде.
Аэрогенді жолмен:
- Ауру малдың жүнін қырыққанда, мал тұратын қораны тазарту барысында тыныс алу арқылы немесе көздің шырышты қабатына түскенде.
Негізгі сақтану және алдын алу

жолдары:
- Міндетті түрде малды жыл сайын сарып ауруына тексерту. Ауру анықталған кезде ауру малды дереу оқшаулап тез арада жою, мал ұсталған жерге залалсыздандыру шараларын (дезинфекция) жүргізу.
- ішуге сүт, басқа сүт өнімдерін тек қайнатылған түрде пайдалану керек. Себебі ауру қоздырғышы (бруцелла) 100°C температурада қайнатылғанда 5 минут ішінде жойылады.
- сүт, ет, тағы да басқа сүт өнімдерді белгісіз адамдардан сатып алуға болмайды.
- Мал жайлауға арнайы киім кию, мал жайлау уақытында темекі шекпеу, мал жайлағаннан кейін қолды сабындап жуу қажет.
- Ауру малды күтіп баптауға 18 жасқа дейінгі балалар мен жасөспірімдер, жүкті және бала емізетін әйелдер жіберілмеу керек.

Ойыл аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы

ХАБАРЛАНДЫРУ

Ойыл ауданы бойынша Ойыл селолық округі, Қараой және Көптоғай селолық округтерінде 26 мамыр-30 маусым аралығында аса қауіпті үйірлі италия шегірткесіне қарсы химиялық өңдеу жұмыстары жүргізуіне байланысты, тұрғындар және ауылшаруашылығы құрылымдары малдарын уланған жерлерге қарай жібермеуіңіз ескертіледі. Жоспар бойынша жүргізілген жерлерге тиісті ескертпе таяқшалар мен белгілер қойылады. Уланғаннан кейін 30 күн карантин болатынын жадыңызға саламыз.

«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ МИНИСТРЛІГІ» АГРОӨНЕРКӨСІПТІК КЕШЕНДЕГІ МЕМЛЕКЕТТІК ИНСПЕКЦИЯ КОМИТЕТІНІҢ ОЙЫЛ АУДАНДЫҚ АУМАҚТЫҚ ИНСПЕКЦИЯСЫ

Сансызбаева Альфия Мамайқызына 2019 жылы 13 ақпанда берілген мемлекеттік номер 353845 «Күміс Алқа» ордені кітапшасының өртеніп кетуіне байланысты жарықсыз деп танылсын.

Сансызбаева Альфия Мамайқызына 2022 жылы 5 сәуірде берілген мемлекеттік номер 380542 «Алтын Алқа» ордені кітапшасының өртеніп кетуіне байланысты жарықсыз деп танылсын.

ЕСКЕ АТУ

ЖАРҚЫН БЕЙНЕЛЕРІҢ МӘНГІ ЕСІМІЗДЕ!



Көңілқосова Маржангүл Дүйсенқызы.
30.08.1961ж - 25.09.2021ж
Маржангүлдей құрдасымыз
тым бөлек,
Жалған емес бұл
айтқаным шын дерек.
Сұлу ару ортамызда жоқ қазір
Өмір өтіп жатыр бірақ дөңгелеп.
Жырым осы достарыма
таратқан,
Талай күн батып, талай
нұрлы таң атқан
Құрдастарым біз тәңірден
сұраймыз,
Мекендерің болсын мәңгі
Жәннаттан.



Жайбергенов Жомарт Бақсықұлы.
04.08.1961ж - 14.07.2011ж
Өмірді сүй науқас жандар
сүйгендей,
Талай пенде өтті соны үйренбей
Жомарт марқұм жаны
жайсаң жан еді,
Кетті өмірден өттең бірақ
үйленбей.
Өмір сыйы сан алуан көрерсің,
Бірде күліп, бірде жасты тегерсің
Сынақ берсе сүйген
құлын сынайды,
Маңдайыңа жазғаныңды
көрерсің.



Сағындықов Қайыржан Бақтыгерейұлы.
01.12.1961ж - 23.02.2007ж
Сағыныштың жалғап
алып үзігін,
Біз осылай тізбектедік тізімін
Қайыржан марқұм ортамыздан
кетті де,
Көрмей кетті-ау немеренің
қызығын.
Кім-кім болсын біледі
рас өтерін,
Мына өмірдің жалған
дүние екенін.
Жатқан жерің жайлы
болсын жарығым,
Жұмақ болсын әрқашанда
мекенің.



Дөңдербаев Жұмабай.
24.01.1961ж - 06.11.1984ж
Жұмабай бар, ол да өтті
өмірден,
Ол кеткенде қабырғамыз
сөгілген.
Ажал келсе алады да кетеді
Құтылмайды ешкім рас өлімнен.
Мен осылай жыр
жауқарын құлаттым,
Сыңғырындай мөлдір
таза бұлақтың.
Жұмабайдай досым
Жатқан жерің жайлы боп,
Болсын орның мекенінде
Жұмақтың.
Мұқанбетов Айболат Ғұмарұлы.
16.06.1961ж - 19.04.1995ж
Жастық шақтың бірге
көріп шығығын,
Айболатты еске алды дос,
ұжымың.
Өттең, мына өмірге ешкім
ие емес,
Көре алмадың бұл дүниенің
қызығын.



Қабиев Марат Хангерейұлы.
02.03.1960ж -16.08.1991ж
Уақыт өтті, зымыраумен
талай тым,
Таусылмасын шуақ төмен
арай күн.
Марат марқұм ерте кетті
өмірден,
Өз достарын тау тұлға деп
санайтын.
Жатқан жерің жайлы болсын,
нар құрдас,
Қысқа ғұмыр болар ма еді
бұлай тым,
Азаматтың төресі еді ортада
Өз ісіне жауапкершілікпен
қарайтын.



Қалиев Әлібек Жалғасбайұлы.
31.12.1960ж - 10.03.2019ж
Өзің жайлы көп еді жазарым,
Артық болмас арналас да
саз өнім.
Әлібектей құрдасымыз
жоқ бүгін,
Ұмытпайды құрдастарың
ажарын.
Ұрпақ сүймей, өтті өмірден
өтпелі,
Көрмей өттең мына өмірдің
базарын.



Абдығалиева Дина Сисенқызы.
03.08.1961ж - 21.04.1983ж
Алла өзі береді, рас, бақты
алдан,
Дина марқұм есімі
оның сақталған
Сұм ажалға кім қарсы тұра
алады,
Жан едің ғой сабырлықпен
тоқталған.
Сүйген құлға, сүйгенінде
бұйыртпай,
Салып қойды тағдыр жалын
отты алдан.
Жатқан жерің жайлы болсын
тілек сол,
Шара бар ма іске солай
боп қалған.

*Имандыны Тәңір өзі қолдайды,
Иманды жан имандығын жолдайды.
Бүгін бізде бас қосу, үлкен кездесу,
Құрдастармен бір тамаша орнайды.
Ортамызда о дүниелік боп көткен,
Құрдастардың болмағаны сол қайғы.
Ал, ендеше, сол құрбы мен достарды,
Бір сәт еске алмасақ шын болмайды.*

ЕСКЕ АЛУШЫЛАР: Н.К. КРУПСКАЯ АТЫНДАҒЫ ОЙЫЛ ҚАЗАҚ ОРТА МЕКТЕБІНІҢ 1978 ЖЫЛҒЫ ТҮЛЕКТЕРІ, 10» Б» КЛАСЫ.

ЭЛЕКТРОНДЫ КІТАПТАР НЕЛІКТЕН ҚАЗІР СҰРАНЫСТА?



Әлеуметтік желінің билеген заманында, кез келген мәселемізді ғаламтордың көмегімен шешіп, білмегенімізді таба аламыз. Банк емес, қаржымызбен басқара алатын әлеуметтік желі, дүкен емес онлайн сатып алуға болатын желілер, оқу орнына барудың орнына онлайн курс оқып білімін жетілдіреді. Сондағы көмекші құралдың бірі ол -электронды қолжетімді кітап. Қазір кітапханаға кітап оқын деп барар жастардың да қарасы жоқтың қасы. Барлығы электронды мүмкіншілікті пайдаланып, кітап қорын желімен толықтырады. Электронды кітаптардың өзіндік пайдасы бар бірақ зияны да қатар жүретінін біле аламыз. Пайдасы - ол қолжетімділік. Қалаған кітабымызды, кез келген уақытта тауып алып, үйде, жылы ортамызда оқи аламыз. Сонымен қатар, кітапты арқалап жүрмей-

міз, ұялы телефонымызда ұстап, кез келген уақытта ашып оқи беруімізге мүмкіншілік бар. Жолда, әуеде немесе аялдамада ашып оқуға өте қолайлы. Кітапқа зейіні бар адам қазіргі таңда жоқтың қасы, сол себептен ұялы телефонына үңіліп отса да, кітап қорын толтырып отқан жан, қазір сирек кездеседі. Ал зиянына келер болсақ, денсаулыққа радиация әсері тиіп, көзімізге зияны түседі. Үнемі кез келген жағдай бойынша ғаламторға сүйенгенше өзіміздің де кітап парақтарынан ізденіп зерттегеніміз өз деңіміздің саулығы үшін де пайдалы. “Оқимын дегенге қолқа жоқ, оқымаймын дегенге кедергі бол” - демекші, келешек ұрпақтың сауаты қазіргі ұрпақ қолында.

Гаухар ОРАЗҒАЛИЕВА,
Ақтөбе қаласы, 74 ЖЕБӨМ
11 сынып оқушысы.

АУЫЛДАРДЫ ДАМУҒА 200 МЛРД ТЕҢГЕ БӨЛІНДІ

ДАМУ ӘЛЕУЕТІ БАР ЕЛДІ МЕКЕНДЕРГЕ АРНАЛҒАН ӨНІРЛІК СТАНДАРТТАР ЖҮЙЕСІ ТУРАЛЫ КЕШЕ ҮКІМЕТ САФАТЫНДА ҰЛТТЫҚ ЭКОНОМИКА МИНИСТРІ ӨЛІБЕК ҚҰАНТЫРОВ АЙТТЫ.



«Ауыл тұрғындарының өмір сүру сапасын жақсарту бағытында министрлік «Ауыл – Ел бесігі» жобасын іске асыруды жалғастырып жатыр. 2023 жылы 1,8 мың жобаны іске асыруға шамамен 200 млрд теңге бөлінді. Бұл тұрғыда даму әлеуеті бар 800 ауыл қамтылған», - деді Ө. Қуантыров. Оның айтуынша, бұл қаражатқа тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығында 222 жоба, 421 әлеуметтік инфрақұрылым жобасы, сондай-ақ 1 168 көлік инфрақұрылымы жобасы іске асырылып жатыр. «Бұл ретте осы бағдарлама аясында облыстар бойынша бюджеттік инвестициялар тиімділігінің нақты мысалдары бар екенін атап өткен жөн. Мәселен, Павло-

дар облысының Ертіс ауданында 2019-2022 жылдары 5 ауыл қамтылды, онда жалпы сомасы 1,4 млрд теңгеге 25 жоба іске асырылды. Нәтижесінде, осы кезеңде ауданның бұл ауылдарына 7,6 млрд теңге жеке инвестиция тартылды. Мұнымен қоса, Ақтөбе облысының Мәртөк ауданында «Ауыл – Ел бесігі» жобасымен қамтылған 8 ауыл бойынша 4 жыл ішінде 9 жобаны іске асыруға 3,1 млрд теңге бөлінген болатын. Осы ауылдарға 97 жобаны іске асыруға 9,5 млрд теңге жеке инвестиция тартылды. Бұл өз кезегінде жақсы нәтиже. Осы қадамдар мемлекеттік инвестициялар ауылдардың тартымдылығын арттырады және жеке бизнес те оларды дамытуға инвестиция сала бастайды», - деді министр. Бұдан бұрын хабарланғандай, Өңірлік стандарттар жүйесін өзгеріс енгізіліп, жаңа редакцияда нысандар мен көрсетілетін қызметтердің тізбесі айтарлықтай кеңейтілді. 2023 жылы өңірлердің инженерлік және көлік инфрақұрылымын дамыту үшін 14 облыс орталығында 67 бюджеттік инвестициялық жобаны іске асыруға 42,1 млрд теңге бөлінді.

«ҚАЗАҚПАРАТ»

Құттықтау

Ойыл сәлосының тұрғыны досымыз Аслан Ахтановты 37 мүшел жасымен құттықтаймыз!



Артта қап балдырған шақ,
Балауса күн,
Отыз жетің құшақ ашты – алау шағың.
Туған жердің төсінде еңбек етіп,
Жеткізді мүшел жасқа жалау сағым.

Туған күн, өткен дәурен түседі еске,
Бәрі айналғандай түс - елеске.
Өрлесен өркен жайып қия, шыңға,
Тәңірдің саған берген сыйы емес пе!

Қаумалап айналаңды қызың, ұлың,
Балынан таттық тірлік қызығының.
Жұбайы үш мүшелді толтырғанда,
Жарыңның да жайнай түсті жүзі бүгін.

Осынау күні қаумалаған дос-жаран ағынан жарылып,
ақ тілегін жаудырсын! Сол тілектер орындалар күнді
көрер жасқа жетуді жазсын! Өзіңдей кең пейілді, дархан
көңілді адаммен дәмдес болуды бұйырған жандардың
шынайы ықыласын уақыт шыңдай түсіп, жасыңа жас
қосылған сайын айналаңа тілектес, ниеттес адамдар
көбейе түссін!
Денің сау болып, жан-жарың Гүлсезіммен бала-шаға-
ның қызығын көріп, баянды да, бақытты ғұмыр кешуді
тілейміз!

Игі тілекпен: достарың.

2022-2023 оқу жылында Ойыл балалар-жасөспірімдер спорт мектебінде 11 спорт түрлерімен 870 оқушы шұғылданды. Олардың ішінде 8-і спорт шеберлігіне үміткер. Оларға 30 жаттықтырушы 2022 жылдың қорытындысы бойынша Ойыл балалар-жасөспірімдер спорт мектебі «Жылдың үздік аудандық спорт мектебі» номинациясымен марапатталды.

Жарыстар қорытындысы дзюдо. 2023 жылдың 06-08 қаңтар күндері Ақтөбе қаласында өткен дзюдодан 2006-2007 ж.т. жасөспірімдер мен қыздар арасындағы облыс чемпионатына 4 оқушы қатынасып, 1 оқушы облыс жеңімпазы атанып, ҚР чемпионатына қатынасып келді.

2023 жылдың 13-15 қаңтар аралығында Ақтөбе қаласында қазақ күресінен 2006-2007,2008-2009 ж.т.жасөспірімдер арасындағы облыс чемпионатына 4 оқушы қатысып, 2 оқушы ІІІ орынға ие болды.

2023 жылдың 20-22 қаңтар аралығында Ақтөбе қаласында өткен 2010-2011 ж.т. жасөспірімдер арасындағы дзюдодан облыстық ашық турнирге, 10 оқушы қатысып, 1 оқушы ІІІ орынға ие болды. 24-26.02.2023 жылы Ақтөбе қаласында өткен 2010-12,2014-15,2016-17 ж.т. жасөспірімдер қыздар арасындағы облыстық турнирге 8 оқушы қатысып, 2 оқушы ІІІ орынға ие болды.

23-28.03.2023 жылы Ақтау қаласында өткен 2008-09, 2011-12 ж.т. Жасөспірімдер мен қыздар арасындағы халықаралық ашық турнирге 5 оқушы қатысып, нәтижесінде 1 оқушы ІІІ орын, 1 оқушы ІІ орынға ие болды.

14-16.04.2023 жылы Ақтөбе қаласында өткен 2008-2009 ж.т. жасөспірімдер мен қыздар арасындағы облыс чемпионатына 3 оқушы қатынасып келді, нәтижесіз.

Қажымұқанқызы Бейбіт Шымкент қаласында өткен 2008-2009 ж.т. жасөспірімдер мен қыздар арасындағы Республикалық турнирде ІІІ орынға ие болды.

Сонымен қатар Ақтөбе облысы командасының құрамында өнер көрсетіп Бішкек қаласында өткен Халықаралық турнирден ІІ орынмен марапатталды.

ГР СПОРТЫ. 2023 жылдың 13-15 қаңтар күндері Ақтөбе қаласында гір спортынан 2007 ж.т. және одан төмен жастағы жасөспірімдер арасындағы облыс чемпионаты өткізілді.

Чемпионатқа 5 оқушы қатысып, нәтижесі ІІ орын – 1, ІІ орын – 3, І орын – 1.

13-15.02.2023 жылы Мартук ауданында өткен 2007 ж.т. және одан

ЖЕҢІСТІ ЖЫЛДЫҢ «ЖЕМІСІ»

төмен жастағы жасөспірімдер арасындағы ашық біріншілікке 14 оқушы қатысып, нәтижесінде ІІІ орын -1, ІІ орын – 1, І орын – 2 оқушы.

Ақпан айында қол күресінен 2006-2007 ж.т.жасөспірімдер арасындағы облыс чемпионатында 1 оқушы ІІІ орынға ие болды. Наурыз айында өткен гір спортынан 2007 ж.т. және одан төмен жастағы жасөспірімдер арасындағы облыс чемпионатына 10 оқушы қатынасып, нәтижесінде 3 оқушы І орын, 2 оқушы ІІ орын, ІІІ орын 1 оқушы.

Наурыз айында Петропавл қаласында өткен гір спортынан 2007 ж.т. және одан төмен жастағы жасөспірімдер арасындағы ҚР чемпионатына 2 оқушы қатысып, нәтижесінде Сапарғали Рамул күміс жүлдеге ие болды.

06-07.05.2023 жылы 2007 ж.т. жасөспірімдер арасындағы Байғанин ауданының ашық біріншілігіне 10 оқушы қатысып келді, нәтижесіз.

ЕРКІН КҮРЕС. 2023 жылдың қаңтар айында өткен еркін күрестен 2006-2008 ж.т. жасөспірімдер арасындағы Ақтөбе облысы чемпионатына 6 оқушы қатысып, нәтижесінде 2 оқушы ІІІ орынға ие болды. 2008-2009 ж.т. жасөспірімдер арасындағы облыс чемпионатына 11 оқушы қатысып, нәтижесінде 1 орын 2 оқушы, ІІ орын 2 оқушы, ІІІ орын 1 оқушы. 25-30.01.2023 жылы еркін күрестен Астана қаласында өткен 2008-09,2010-11,2012-13,2014-15 ж.т. жасірімдер арасындағы қалалық ашық біріншілікке 8 оқушы қатысып, нәтижесінде ІІ орын – 2 оқушы, ІІІ орын – 2 оқушы.

Әйелдер күресінен 2008-2010 ж.т. жасөспірімдер арасындағы облыс чемпионатына 10 оқушы қатысып, нәтижесінде 1 оқушы ІІІ орын, 1 оқушы ІІ орын, 1 оқушы І орынға ие болды.

01-12.03. 2023 жыл аралығында Талдықорған қаласында өткен 2008-2009 ж.т. жасөспірімдер арасындағы ҚР чемпионатына 1 оқушы қатынасып келді.

24-26.02.2023 жылы Ақтөбе қаласында өткен 2009-2010 ж.т. жасөспірімдер арасындағы облыстық ашық турнирге 11 оқушы қатынасып, 1 оқушы І орын, 1 оқушы ІІ орынға ие болды.

Наурыз айында өткен еркін күрестен ҚР чемпионатында Ақтөбе облысы командасының сапындағы Сисенбайұлы Саят ІІІ орынға ие болды.

23-31.03.2023 жылы Семей қаласында өткен 2006-2007 ж.т. жасөспірімдер арасындағы ҚР чемпионатына 2 оқушы қатысып келді. Нәтижесіз.

06-07.04.2023 жылы Ақтөбе қаласында өткен 2013-2014 ж.т. жасөспірімдер арасындағы біріншілікке 9 оқушы қатысып келді. Нәтижесіз.

Қостанай қаласында өткен еркін күрестен 2008-2010 ж.т. жасөспірімдер арасындағы республикалық турнирге 10 оқушы қатысып, нәтижесінде 3 оқушы ІІІ орын, 1 оқушы ІІ орынмен, 1 оқушы І орынмен марапатталды.

21-23.04.2023 жылы Байғанин ауданында өткен 2009-2011 ж.т. жасөспірімдер арасындағы облыстық турнирге 13 оқушы қатысып, нәтижесі 2 оқушы І орын, 1 оқушы 2 орын, 1 оқушы ІІІ орын.

Мамыр айында Астана қаласында өткен турнирде Ақтөбе облысы командасы сапындағы 2 оқушымыз ІІІ орынға ие болды. 25-28.05.2023 жылы Алғабас ауылында өткен 2010-2012 ж.т. жасөспірімдер арасындағы рес-спубликалық турнирге 6 оқушы қатысты. Нәтижесіз.

25-27.05.2023 жылы Темір ауданында өткен 2010-2011,2012-2013 ж.т. жасөспірімдер арасындағы облыстық ашық турнирге 16 оқушы қатысты, нәтижесінде 1 оқушы І орын, 1 оқушы ІІ орын, 1 оқушы ІІІ орынмен мапаратталды.

БОКС. 2023 жылдың 06-10 ақпан аралығында Ақтөбе қаласында өткен бокстан 2009-2010 ж.т. жасөспірімдер арасындағы облыс чемпионатына 4 оқушы қатысып, нәтижесінде 1 оқушы ІІІ орын, 1 оқушы ІІ орынға ие болды.

27.02-03.03.2023 жылы Алға қаласында өткен 2007-2008 ж.т. жасөспірімдер арасындағы облыстық ашық турнирге 2 оқушы қатынасып келді, нәтижесіз.

Мамыр айында өткен 2008-2009 ж.т. жасөспірімдер арасындағы халықаралық турнирде 1 оқушы ІІІ орын, 1 оқушы ІІ орынмен марапатталды.

ТОҒЫЗҚУМАЛАҚ. 2023 жылдың 15-20 ақпан күндері тоғызқұмалақтан 15,17,19,21 жасқа дейінгі жастар арасындағы облыс чемпионатына 6 оқушы қатысып, нәтижесінде 2 оқушы блиц және классика бойынша ІІІ орындарға ие болды.

22.02-02.03.2023 жылы Ерейментау қаласында өткен 2010-11,2012-13,2014-15 ж.т.

жасөспірімдер мен қыздар арасындағы республикалық турнирге 7 оқушы қатысып, 1 оқушы ІІІ орынға ие болды.

Мамыр айында өткен 9,11,13 жасқа дейінгі жасөспірімдер мен қыздар арасындағы Ақтөбе облысы чемпионатына 16 оқушы қатысып, нәтижесінде 3 оқушы І орынмен, 1 оқушы ІІ орынмен, 4 оқушы ІІІ орынмен марапатталды.

17-22.05.2023 жылы 2010-2012,2013-2014 ж.т. жасөспірімдер мен қыздар арасындағы Орал қаласында өткен жекелей ашық турнирге 6 оқушы қатысып, нәтижесінде 3 оқушы ІІІ орынға ие болды.

КАРАТЭ-ДО. 23-27.02.2023 жылы Ақтөбе қаласында өткен 2011-2013 ж.т. жасөспірімдер мен қыздар арасындағы Қали Әшімнің 22-халықаралық турниріне 7 оқушы қатысты, нәтижесіз.

2023 жылдың 25-26 наурыз аралығында Көкшетау қаласында каратэ-додан ҚР чемпионатында 7 оқушы қатысып, нәтижесінде 1 қола, 2 күміс, 2 алтын. Сәуір айында өткен қалалық ашық біріншілікке 15 оқушы қатысып, нәтижесінде І орынмен – 5 оқушы, ІІ орынмен – 4 оқушы, ІІІ орынмен – 6 оқушы марапатталды.

10-15.05.2023 жылы Орал қаласында өткен халықаралық турнирге 9 оқушы қатысып келді, нәтижесіз.

ВОЛЕЙБОЛ. 23.02-01.03.2023 жылы Арал қаласында өткен 2009-2010 ж.т. жасөспірімдер мен қыздар арасындағы республикалық турнирге 12 оқушы қатынасып келді. Нәтижесіз.

10-14.04.2023 жылы 2011-2012 ж.т. қыздар арасында облыс чемпионатына 10 оқушы қатысып келді, нәтижесіз.

24-28.04.2023 жылы Ақтөбе қаласында өткен волейболдан 2009-2010 ж.т. қыздар арасындағы облыс чемпионатына 9 оқушы қатысты, нәтижесіз.

Волейболдан 2011-2012 ж.т. және 2009-2010 жасөспірімдер арасындағы Ақтөбе облысы чемпионатына 9 оқушы қатысты, нәтижесіз.

Волейболдан 2011-2012 ж.т. және 2009-2010 жасөспірімдер арасындағы Ақтөбе облысы чемпионатында мектеп командасы чемпионаттың

күміс жүлдегерлері атанды.

ҮСТЕЛ ТЕННИСІ. 06-08.04.2023 жылы Ақтөбе қаласында өткен 2008 ж.т. және одан төмен жастағы жасөспірімдер мен қыздар арасындағы облыс чемпионатына 7 оқушы қатысып келді. Нәтижесіз.

06.05.2023 жылы 2006-2009 ж.т. жасөспірімдер мен қыздар арасындағы облыстық ашық турнирге 4 оқушы қатысты, 2 оқушы І.ІІ орындарға ие болды.

03-05.05.2023жылы 2012 ж.т. және одан төмен жастағы жасөспірімдер мен қыздар арасындағы облыс чемпионатына 6 оқушы қатысып келді, нәтижесіз. 12-16.05.2023 жылы 2006-07,2008-09 ж.т. жасөспірімдер мен қыздар арасындағы облыстық ашық турнирге 10 оқушы қатысып келді, 2 оқушы ІІІ орынға ие болды.

Ұйымдастырылған шаралар

Еркін күрес бөлімінде Қырғызстан спортшыларымен біріккен оқу-жаттығу жиындары өткізілді. Қырғызстан Республикасы, Джалал – Абад қаласынан келген спортшыларға Ойыл ауданының музейіне барып, ауданның тарихи мұрасы, өлке тарихы таныстырылып, экскурсия жасалды.

Гір спорты бөлімінде гір спортынан Әлем чемпионатының күміс жүлдегері Балтабаев Айтқали ҚР чемпионаты алдында шеберлік сағаттарын өткізді.

«Жастарды жат көзқарастағы түрлі діни ағымдардың идеологиясы мен пікірінен сақтандыру» тақырыбында «Аңсар» ақпараттық-талдау орталығының теолог мамандарымен кездесу өткізілді. Қаңтар, ақпан айларында қысқы спорт түрлерін насихаттау мақсатында спорт бөлімдерінде қысқы спорт түрлерінен эстафеталық ойындар және коньки тебу, қар үстіндегі футболдан жарыс ұйымдастырылды.

Ақпан айына бөлім оқушыларының ата-аналары арасында волейболдан жолдастық кездесу және «Есірткісіз болашақ» тақырыбында суда жүзуден мектеп біріншілігі өткізілді. Наурыз айында 1 наурыз алғыс айту күні мерекесіне орай әлеуметтік желіге бөлім оқушыларының құттықтаулары жарияланды. Наурыз айында мектебіміздің қызметкері, спорт ардагері Олжабаев Бауыржан Смағұлұлының 63 жас мерейтойына орай волейболдан мекеме қызметкерлері арасында аудандық турнир өткізілді.

Ұлыстың ұлы күні наурыз мерекесінде мектепте халықымыздың салт-дәстүрін, ұлттық тағамдарын, ұлттық ойындарын, ұлттық құндылықтарын дәріптейтін наурыз мерекесі тойланды. Сонымен қатар «Амал келді, жыл келді» тақырыбында мектеп оқушылары, жаттықтырушыларымен ауыл үлкендерінен аман-саулық сұрап, үй-үйді аралап, көрісіп шықты. Сәуір айында 2011-2012 ж.т. жасөспірімдер мен қыздар арасында волейболдан аудан біріншіліктері өткізілді. Біріншілікке спорт бөлімдерінің командаларынан 60-қа жуық оқушы қатысты. І орын Ойыл БЖСМ, ІІ орын Амангелді ОМ, ІІІ орын Ақшатау ОМ.

Жасөспірімдер арасында өткізілген біріншілікке (Ойыл БЖСМ, Саралжын ОМ) қатысты. Тоғызқұмалақтан Әнуар Жақсығалиұлы Дербісәлинді еске алуға арналған облыстық ашық турнир өткізілді. Турнирге 100 аса спорты қатысты. Ойыл БЖСМ – 1 оқушы ІІІ орын, Саралжын ОМ – 1 оқушы І орын, 2 оқушы ІІІ орын.

Сәуір айында БЖСМ жастары «Оразадағы 10 игі іс» жобасы аясында ардагерлерді ардақтайық тақырыбында қайырымдылық акциясына қатысты. Қазақ күресінен 2010-2013 ж.т. жасөспірімдер арасында аудан біріншілігі өткізіліп, оған 60-қа тарта спорты қатысты.

Мектептен оқу-тәрбие жоспарына сәйкес, бөлім оқушыларына Ойыл аудандық мешітінің имамы діни танымдық мәселелерге қатысты түсінік жұмыстарын жүргізді, сонымен қатар «Жасөспірімдер арасында құқық бұзушылықтың алдын алу, көмелетке толмаған» тақырыбында «Аңсар» ақпараттық-талдау орталығының теолог мамандарымен кездесу өткізілді. 5 спорт түрі бойынша 2023 жылдың сәуір-мамыр айларында аудандық спартакиада өткізілді.

Мамыр айында спорт ардагері Ес-ниязов Ерболат Тәңірбергенұлының 75 жас мерейтойына орай еркін күрестен облыстық ашық турнир өткізілді. Турнирге 200-ге жуық спортшылар қатысты.

15 мамыр Халықаралық отбасы күні мерекесіне орай «Махаббат марафоны» акциясы өткізілді. 1 маусым Халықаралық балаларды қорғау күніне орай қазақ күресінен 2011-2012 ж.т.жасөспірімдер арасында аудандық турнир өткізілді. Турнирге 50-ге жуық оқушы қатысты.

Г.САДАҚБАЕВА,
Аудандық балалар-жасөспірімдер спорт мектебінің әдіскері.